

**Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің төте сайлауын өткізу, сондай-ақ аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша «Өңір» депутаттық тобы отырысы қорытындысының
ҰСЫНЫМДАРЫ**

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Сенаты

2022 жылғы 28 ақпан

Отырысқа қатысушылар аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін төте сайлауды (бұдан әрі - *сайлау*) жетілдіру, сондай-ақ биліктің аудандық, қалалық және ауылдық деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту жөнінде кешенді және жүйелі шаралар қабылдау мақсатында аталған тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап көрсете отырып, **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ МЫНАЛАРДЫ ҰСЫНАДЫ:**

1. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге:

1.1. Мыналар:

- сайлауды тағайындау мерзімін (кемінде) әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін 40 күннен 45 күнге дейін ұлғайту (*«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-1-бабының 2-тармағы*);

- сайлауды өткізу мерзімін олар тағайындалған күннен бастап 30 күннен 35 күнге дейін ұлғайту (*«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-1-бабының 3-тармағы*);

- кандидаттарды ұсынуды аяқтау мерзімін сайлау өткізілетін күнге дейін 15 күннен 20 күнге дейін ұлғайту (*«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-3-бабының 5-тармағы*);

- кандидаттарды тіркеуді аяқтау мерзімін сайлау өткізілетін күнге дейін 10 күннен 15 күнге дейін ұлғайту (*«Қазақстан Республикасындағы*

сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-5-бабының 14-тармағы) арқылы аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдеріне кандидаттарды (бұдан әрі - кандидаттар) үгіттеу жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау.

1.2. Кандидатты ұсынған саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органы немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі үшін кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің тіркелуден екі күн бұрын ғана емес, сондай-ақ кандидатты ұсыну кезеңінде де күшін жою мүмкіндігін бекіту («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-6-бабының 2-тармағы).

1.3. Сол сайлау округінің барлық елді мекендерінің сайлаушыларынан кандидатты қолдауға қойылған қолдардың тепе-теңдігін көздеу («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-4-бабының 1-тармағы).

1.4. Жиналған қолдардың дұрыстығын тексеруді жүзеге асыру үшін қол қою парақтарын аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына тапсырудың шекті мерзімін айқындау.

1.5. Кандидаттар үшін еңбек кітапшасы көшірмесінің орнына жұмыс өтілін растайтын құжаттың көшірмесін ұсыну туралы талап белгілеу.

1.6. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдардағы лауазымдардың нақты санаттарын айқындау арқылы кандидаттар үшін еңбек қызметі өтілі туралы талаптарды техникалық қызметкерлерден жоғары көтеру.

1.7. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тағайындау, қызметтен шығару, оларға тәртіптік жаза қолдану мәселелерін реттеу **бөліктерінде тиісті өзгерістер мен толықтыруларды әзірлесін және енгізсін.**

2. Мыналарға:

2.1. Ауылдық округтер, ауылдар, селолар, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттарына жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын тіркеу жөніндегі ақпараттық жүйелерге (базаларға) қолжетімділік беруге.

2.2. Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің шығыс бөлігінің баптарында елді мекендерде абаттандыру (*санитария, елді мекендерді көгалдандыру*) жүргізуді және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды (*автожолдарды салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау, сумен жабдықтауды ұйымдастыру*) көздейтін бағыттар бойынша шығындар мөлшерін ұлғайтуға.

2.3. Салық салу объектісіне шаруа қожалықтарының кірістерін, алып отырған жер учаскелерінің алаңдарын, мал басын қоса отырып, бірыңғай жер салығын есептеу әдістемесін қайта қарауға.

2.4. Шаруа қожалықтарының (*бірыңғай жер салығынан басқа*) төлем көзінен салық салынатын табыстардан жеке табыс салығын, сондай-ақ төлем көзінен салық салынатын табыстардан жеке табыс салығының тіркелген бөлігін және жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың әлеуметтік салығын Келісімшарт аумағына сай ауылдық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңызы бар қала әкімінің тиісті аппаратының бюджетіне төлеуді көздеуге.

2.5. Өнім берушілердің мемлекеттік сатып алу шеңберінде ауылдық жерлерде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру барысында алынған кірістерден жеке табыс салығын және әлеуметтік салықты объектінің орналасқан жеріне сай ауылдық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңызы бар қала әкімінің тиісті аппаратының бюджетіне міндетті түрде төлеуін көздеуге.

2.6. Бекітіліп берілген объектілерге, оның ішінде иесіз активтерге түгендеу жүргізу арқылы коммуналдық меншікке құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеуді реттеуге, жергілікті өзін-өзі басқарудың мүліктік кешенін кеңейту мақсатында оларды тіркеу, есепке қою рәсімдерін оңайлатуға және қаржыландыруға.

2.7. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі өкілеттіктерді беруге **бағытталған шаралар қабылдау мүмкіндігін қарастырсын.**